

АДАМ – ӘЛЕУМЕТТІК ФЕНОМЕН

¹*Серікбай Гульжан Жанисовна, ²Иманбекова Бибігүл Илиясовна*

¹*serykbayevagulzhan@gmail.com, ²imanbekovabibigul9@gmail.com*

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

²*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

(Алматы, Қазақстан)

¹*Serikbai Gulzhan, ²Imanbekova Bibigul*

¹*serykbayevagulzhan@gmail.com, ²imanbekovabibigul9@gmail.com*

¹*Al-Farabi Kazakh National University*

²*Kazakh National Women's Teacher Training University*

(Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа. Адамның мәні әлеуметтік пен биологиялықтың бірлігі негізінде айқындалады. Адам мен қоғамның қарым-қатынасы ғылым мен философияның басты мәселелерінің біріне айналған. Бұл қарым-қатынас формасы табиғи ортаның эволюциясымен және адам мен қоғамның дамуымен де өзгеріп отырды. Қазіргі таңдағы жаһандану мен қарқынды ғылыми-техникалық прогресс адам мен қоғам байланысына жаңаша сипаттар беруде. Барлық заманда адамды өмірге толық енгізетін қоғам болған, ол оның мінез-құлқын әлеуметтік мазмұнмен толтырады. Адамға тән бірқатар қасиеттер адамның өзі өмір сүретін қоғамдағы мәдени құндылықтарды игеруінің нәтижесі. Қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынасты философиялық тұрғыда түсіну, оны жаңаша ашу – қоғамның прогрессивті дамуына, адамзаттың болашағы үшін өзекті мәселеге айналған. Мақалада адам мен қоғам қатынасы жайлы әлеуметтік-этикалық, антропологиялық ойларды талдай отырып адамның әлеуметтік болмысы айқындалған. Әлеуметтену және оның тетіктері мен тәсілдері нақтыланған. Тұлғаның жеке стратегиясын қалыптасырудағы қоғамның және әлеуметтік қатынастардың рөлі зерделенген.

Түйін сөздер: адам, қоғам, әлеуметтік феномен, тұлға, әлеуметтену.

Кіріспе

Адам мен қоғамның қарым-қатынасы әрқашан ғылым мен философияның басты мәселелерінің бірі болды, себебі өзінің мәні бойынша адам биологиялық пен әлеуметтіктің бірлігі. Бұл өзара қарым-қатынас тарихи түрде табиғи ортаның эволюциясымен және адам мен қоғамның дамуымен де өзгеріп отырды. Жаһандану және қарқынды ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде олар заманауи сипатқа ие болды. Барлық заманда адамды өмірге толық енгізетін қоғам болған, ол оның мінез-құлқын әлеуметтік мазмұнмен толтырады. Қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынасты философиялық

тұрғыда түсіну, оны жаңаша ашу – қоғамның прогрессивті дамуына, адамзаттың болашағына әсер ететін шешімдер қабылдауына ықпал етуі керек.

Адамның жануардан айырмашылығы – ол туған сәтінен бастап, қоғамға бірден бейімделіп кете алмайды. Адамның индивид немесе тұлға ретінде қалыптасуы бірнеше факторларға сүйенеді. Мысалы, әлеуметтік тәжірибені, дәстүрді, әлеуметтік рөлдерді игеру, қоғамда өз орны мен қызметін айқындау. Эрнст Кассирер: «Адам өзін және өзінің даралығын тек әлеуметтік өмір арқылы ғана тани алады» [1], – деп мәлімдеген.

Зерттеу әдіснамасы

Ғылыми мақалада нақты тарихи және объективті қарастыру, логика-лық, талдау және біріктіру, салыстырмалы талдау, жүйелеп қарастыру әдістері мен тәсілдері қолданылады. Ізденіс барысында тақырып қа-жеттілігіне байланысты герменевтикалық және компаративистік әдістер де қолданылады.

Адам болмысының әлеуметтік негіздері

Адам баласы жаратылысынан бастап Адам туралы көптеген ғылыми тұжырымдар мен ғылыми теориялар жазылып жатыр, жазылса да сондай ой-тұжырымдардың бірі әрі бірегейі дүниенің жаратылуының өзі адам үшін деген түсінік. Адам трансцендентті болмыс. Трансцендентті адам Жоғарғы Рухқа талпынысымен ғаламды тануға, тіршілік құндылығын қалыптастыруға күш салады. Жоғарғы рухани әлемге ой-талпынысын жалғаған адам интенционалды, тұрмыстық факторларды маңызды деп санамауы мүмкін. Қоғамдағы әділетсіздікпен күрескенде Адам нағыз өзіндік бет-бейнесін көрсетеді. Қоғамдық қызметтерде немесе өзгеге жасаған қызметін адам жауапкершілікпен атқаруға тырысады. Қызмет еткен сайын адам өзін-өзі тау тұлғаға айналдырып, адами бейнесін айшықтата түседі. Дегенмен тіршілікте жетістікке жеткенмен, жандүниесіндегі тыныштық бермейтін күйзелістер кез-келген адамды тығырыққа тірейді. Тіршілік деңгейіндегі әр-түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты болып келеді.

Қоғамдық рухани құндылықтарды зерделеуге ХІХ ғасырда философия ғылымында «экзистенция – өмір философиясы» атауымен ғылым саласы қалыптасты. Экзистенция адамның әлеуметтанулық стратегиясын, адамның өзін-өзі қалыптастыру – іргелену, даралану сияқты қарым-қатынас ортасындағы әрекеттесу жиынтығын көрсетеді.

Экзистенциялық әлеуметтену – мінез-құлық үлгілерін, жеке тұлғаның таным субъектісі ретіндегі қатынастар жүйесін анықтайды.

Әлеуметтанулық экзистенциализм мәселесі: адам болмысы, мәні, бағдары. Басты стратегиялық категориялары: үрей, жалғыздық, ажал, еркіндік және әлеуметтік оқиғалардың орын алуы. Басты таным – адам тағдыры,

қорқыныш, ұят, намыс жағдайларындағы болмыс шынайылығы. Шынайылық жағдайында адам өзінің не үшін өмір сүріп жатқандығын ұғынуға тырысады. Яғни әр адамның әлеуметтенуінің ерекшелігі анықталады.

Әлеуметтік ортадағы тіршілік әртүрлі философиялық-экзистенциялық мәселелерге душар етеді. Әр адам әр тарапта ізденеді. Тіршілік сұрақтары қылқындырып қыспаққа алғанда адам ойлана бастайды. «Мен кімін?», «Өмір мәні неде?», «Тағдыр деген не?», деген сияқты. Бұл сұрақтар жеке адамның «қоғамдық өмірдегі рөлін анықтаумен қатар, өзін-өзі тануындағы «Мен» мазмұнының маңыздылығын көрсетеді».

Әлеуметтанушы Д. Мид бойынша әлеуметтік алғашқы маңызды бағдар отбасында, яғни әлеуметтік қарым-қатынас ата-анаға бағдарлануы тиіс деп санайды [2]. Редукционизм қоғамда да, отбасында да адамды ұлықтамайды. Отбасылық құндылықтар әспеттелінбейді. Осыдан барып, адами әрекеттерге баратын кері ықпал, адамдарға деген қатынасты дағдарыстық шегіне жеткізеді. Дағдарыстық шектер әлеуметтанулық қоғамдастықтың практикалық дағдыларын ығыстыру арқылы соған сәйкес мінез құлық қалыптастырады. Жалпы әлеуметтену – адамның өмір бойы жалғасатын стратегиялық процессі. Сондықтан адам адаммен әлеуметтену барысында тұлға ретінде, өзін-өзі тәрбиелеу, тану стратегиясында қалыптасуы тиіс.

Қоғамдағы қарапайым түсініктің жоқтығы адамдардың қақтығысына, түсінбеушілік секілді түрлі психикалық жағдайларға алып келеді. Ондаға басты себеп, киелі салт-дәстүрлерді тәрк ету, қалыптасқан өмірлік ережелерді білмеу т.б. соңы әлеуметтік тіршіліктен шаршау, жалығу шегіне ұласады. Дәл осындай психикалық кезеңде экзистенциялық вакуум пайдат болады. Енді вакуум күйзелістен шығу жолын іздейді. Мәселе осында. Бірақ, қалыптасқан түсінік бойынша, қоғамда бәрі солай жүр ғой, бұл жағдай менің ғана басымда емес деген түсінік бұл күйзелістен алып шықпайды. Адам өзіне не керегін таба алмай, рухани күйзеліп, ақыры тығырыққа тіреледі. Күнделікті өмір ағысымен осылай өмір сүру конформизм құрбанына әкеледі.

Жеке тұлға және оның әлеуметтік бейімделуінің мәні мен мазмұнын түсінуге байланысты ғылыми тұжырымдардың тамыры тереңге бойлайды. Тұлғаның қалыптасуындағы қоғамның рөлі және әлеуметтену туралы Э. Роттердамский, Д. Дидро, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов еңбектерінде қарастырған. Сонымен қатар, С.Д. Артемов, В.И. Вершинина, И.А. Милославова, В.А. Ядов, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, У. Джеймс, К. Роджерс, Э. Берн еңбектерінде тұлға әлеуметтенуі, тұлға дамуының мәселелері контекстінде жалпы теориялық және әдіснамалық тұрғысынан талдаулар жасалған.

Адам табиғи-биологиялық және қоғамдық-әлеуметтік мән. Адам негізінде күрделі жаратылыс ретінде қалыптасқан. Осыған байланысты табиғи-биологиялығымен қатар қоғамдық-әлеуметтіліктің барлығы яғни әлеуметтік тәжірибені, қоғамның қалыптастырған қарым-қатынас үлгілерін, еңбек қатынастарын игеру процесстерін меңгереді.

Адамның тіршілігі, тағдыры, еңбегі, ойлауы бір-бірімен тікелей байланысып жатқан әлеуметтенулік процесс. Рухани мәдениет жоқ жерде қоғам жоқ, қоғамсыз жетілген адам жоқ. Демек, адам – қоғамдық мәні ерекше жаратылыс. Маркс: «Адам мәні – оның әлеуметтік орны мен атқаратын ісінде» [3] – дейді. Адамның саналы ақтаратын ісі – еңбек. Еңбек өндірісі – қоғам дамуының негізі. Абайша айтқанда: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» [4].

Адамның өскен ортасы, тәрбиеленген қоғамы қандай болса адам өзі де сол қалыптастырған мінез сипатқа ие болады. Барлық заманда адамды өмірге толық енгізетін қоғам болған, ол оның мінез-құлқын әлеуметтік мазмұнмен толтырады. Әрбір адам индивид, ал индивидті тұлғаға айналдыру процесін әлеуметтендіру үдерісі деп айтамыз. Тұлғаның қалыптасуы белсенді іс-әрекет, белгілі бір қызмет атқару және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда іске асады. Тұлға – белгілі тарихи-мәдени ортада өмір сүретін, әлеуметтік-психологиялық және моральдық қасиеттерді бойына сіңірген, шынайы өмірді тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз іс-әрекетке қабілетті субъекті. Басқаша айтқанда, тұлға қоғамның өмір тәжірибесін бойына сіңіріп, жан-жақты жетілген адам. Өз кезегінде, тұлғаның қалыптасуы оның белсенді іс-әрекеті мен басқа адамдармен араласу негізінде жүзеге асады. Әлеуметтендіру индивидке сырттан еріксіз жүктелетін құбылыс емес, керісінше индивидтің іс-әрекетке белсенді араласуымен, өз іс-әрекеттері мен мінез-құлқын қоғам талабына сай етіп өзгертіп отыруы арқылы іске асады.

Адамның индивидуалды стратегиясы аясындағы әлеуметтенуінің тетіктері: – имитация – қоршаған ортадағы басқа адамдардың «маңызды» мінез құлқының белгілі үлгісін алуға ұмтылысы; идентификация – қоршаған қоғамдық ортаның құндылықтарын өзінікі секілді игеру тәсілдерін айтуға болады.

Адам мәселесі ертеден барлық ғалымдардың назарында, жан-жақты зерттеу нысанына айналғаны туралы жоғарыда айтылып кеткендей, адам бойындағы күрделі қайшылықтардың адамның таза табиғатына, адам деген ардақты феномендік жаратылысына кір келтірмейді.

Бірақ болмысындағы қайшылықтардың мәнін шиеленістіріп, адамның табиғи инстинктерімен, өзін-өзі қорғау қажетті рефлекстерімен немесе сананы билейтін бейсаналылықты алға тартатындар бар. Адам табиғатының рухани және нәпсілік қырлары бар, рас. Адам жер-ана топыраққа тасталған дән секілді, адамның рухани дүниесі қай бағытта дамидынына байланысты өз жемісін береді. Адам мәңгілік өмірді мақсат тұтып, рухындағы адами құндылықтарды әйгіледі емес пе? Батыстық ілімдер адамды ақылы, санасы, түйсігін қоғамдық тіршілігі тұрғысынан қарастырып зерттеген, адамның шынайы болмысын ашуды түбегейлі мақсат етпей, адам құпиясын мәнсіз құбылысқа айналдырып жіберді. Бірі «ойлайтын мақұлық» десе, адамды бейсаналықбилеген «либидо» ұғымымен дәйектеді. Осындай ұғым түсінікпен дәйектелген Адлердің «мансапқа ұмтылуы», басқалардан озып, билікке жету,

яғни үстемдігін жүргізуін айтуға болады. Фрейд көрсеткендей құмарлыққа, атақ-даңққа, ішіп-жеуге арналған мектептерге қарсы адамның шынайы рухани болмысын, ізгі қасиеттерін көрсете білген ғалым В. Франкл адамның элеуметтуілік болмысындағы екі қасиеті өз еңбектерінің өзегі ретінде қарастырып, қоғамдық тұлға ретіндегі трансценденттілігін ашып көрсетуге тырысады [5].

Біріншісі – адамның өзінен есеп алу, яғни өзінді бақылау. Екіншісі – өзін жарып шығу, мүмкіндігі, яғни рухани болмысыңды тіршілік шырмауынан босату, ғайып әлемге самғау, басқаша айтқанда білім-ғылымға ұмтылу. Алға мақсат қоя білу. Еуропалық ғалым В. Франкл жасаған бірінші қасиет туралы өз уақытында Абай өзінің он бесінші қара сөзінде айтып кетті [5]. Абай: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса да жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзінде білмей қалыпсың?» [4]. Есті адам орынды нәрсеге қызығап, білсем, үйренсем деген талаппен өмір сүріп, жаны сүйсінгендей, өкініші жоқ өмір сүру керектігін Абай айтып отыр. Себебі адамның өзін-өзі бақылауға шамасы келеді. Белгілі дінтанушы Борбасова: «Адамның өз-өзінен есеп алу себебі – өз өміріне жауапты бөтен біреу емес, адамның өзі» – дейді [6]. Қалай дегенде де адам өз өмірін өзі арқылы өткізіп келеді. Демек адам өмірінің алдында есеп бермейді, берілген өмір қайда, қалай өтуде? деген сұраққа жауапты ретінде есептеледі. Өмір адамға сұрақ қойып оның жауапкершілігін яғни жауапкершілікті ары мен ұяты болуға тиістілігін көрсетеді. Ар-ұяттың адамға сұрақ қоюы – адамзаттың басынан өтетін факт. Яғни ар-ұят адами феномен ретінде сұрақтың жауабын анықтап қана қоймайды, ол өзінің алдында есеп береді. В. Франклдің адам болмысындағы екінші қасиеті: ғайыпқа самғау туралы да Абайға жүгінетін болсақ, жоғарыда айтқанымыздай адамның трансценденттілігі өзін ғайып, тылсым әлеммен байланысқа түсіретін қасиеті – феномен ретіндегі көрінісі.

Абай:

Іштегі кірді шығарсаң,

Түседі Хақтың сәулесі.

Жүректің көзі ашылса,

Адамзаттың хихмет кеудесу десе тағыда.

Абай: «Әр дәуірде миллиондаған адамдар өмір сүріп жатады. Солардың ішінде мәнсіз тіршіліктің қабырғасын сөгіп, (трансцендентті) ғайып әлемнің есігін ашып, адамзат ұрпағын жоғарғы Рух құндылықтарымен табыстырады. Жүрек көзі ашылған жалғыз Адам рухани қуат есігін айқара ашып, өмірлік бағыт-бағдарды айқындайды» – дейді [4]. В. Франклге дейін дана айтып кеткен Франклдің екі концепциясындағы элеуметтенуілік тірекке айналған екі қасиет адамның тіршілікте өзін іздеуі, өмірдің мағыналы мәні – жоғарғы Рухпен байланысы, өнегелі қылықтары

адамның өмірлік стратегиясы деуге болады. Демек, Адам феномен ретінде – әлеуметтік құндылықтар жиынтығы. Әлеуметтік құндылықтар жинақтаған Адамға Жоғарғы Рухпен қауыштыратын тылсым қуаттар легі бар. Руханилық қуаты мол Адам ақиқат өмірді өрнектеп тұлғалық деңгейін арттырады.

Дегенмен Адам барлық уақыттарда әлеуметтік жағдайларға тәуелді. Өскен ортасына, мемлекет заңына, білімі мен денсаулығына. Осыған байланысты тағдыр тауқыметі мәселесі алдыға шығады. Тағдыр тауқыметі адамның өмірлік позициясын таңдауға мүмкіндік береді. Яғни Адам еркі: «Адамды тірі мақұлық ретінде зорлықпен көндіруге, яғни басқа біреудің үкіміне Тән жағынан сыртқы болмысынан бағындыруға болады, бірақ еркін ырықты болмысынан көндіруге болмайды» – дейді Гегель [7,33 б.].

Гегель тұжырымына сүйене отырып, адамның өмір сүруіндегі ортасы оның тағдырына ықпал етеді, бірақ ішкі болмысына ықпалы жоқ деуге болады. Тағдыр – адамға сырттан әсер ететін фактор ретінде мойындалады. Осы түсінікке байланысты ислам діні көрсеткендей тағдыр екіге бөлінеді. Бірінші – нақты бекітілген тағдыр, яғни дүниеге келуі, қартаюуы, өлуі. Екінші ерікке қатысты тағдыр – адамдардың іс-әрекеттерінің барлығы осы бір түріне жатады. Бұлай болмағанда Құдайдың адамдардың жасаған жамандығы үшін жауапқа тартуы, жасаған жақсылықтары үшін сыйға бөленуінің ешқандай мағынасы болмайтын еді. Ғ. Есім: «Тағдыр – адам талғайтын қуат» – дейді [8]. Жаратылыс ісінде жаратылғандардың еркі жоқ. Бірақ адамға жүктелген міндеттер оны орындай еркінде адам ерікті. Адам еркіндік нығметын орындаумен адами борышын өтейді. Өмірдің мәні жайлы толғаныс адамдық ортадағы әлеуметтік көңіл-күймен байланысты Адамды тұлғалық деңгейге көтеретін қоғам талабы, яғни әлеуметтік өмір шарттары бар деген тұжырымды айтуға болады.

Тағыда В. Франкке жүгінетін болсақ, тұлғалық деңгейге көтерілудегі әлеуметтік өмір шарттары: «Жасампаз құндылық» талабы биік талантты адам өнер мен мәдениетте не ғылым мен білім саласында елеулі іс тындырушы. Қоғамда рухани дүние құндылығына ықпал етеді. Әлеуметтанушы ғалымдар көрсеткендей, қоғамды әртүрлі жағдайлармен интерпритациялайды, параллельді құндылықтар жүйесінің пайда болуына ықпал жасайды. Екінші «сезім құндылығы» рухани дүние құндылығын тұтыну, ішкі дүние қажеттілігін қамтамасыз ету.

Үшінші «позиция құндылығы» – моральдың бағалау мен бағдарлау позициясының маңыздылығын анықтау жолдары. Әлеуметтік философиялық позиция мінез-құлықты бағдарларының қалыптасуымен байланыстылығын көрсетеді. Жаңа байланыстар, мәртебелер, жаңа лауазымдар, жаңа қарым-қатынастар өзін-өзі тану позициясын орнықтыру арқылы адамдар арасындағы әрекеттесудің жаңа мәселелерін туындатады. Яғни Адамның әлеуметтенуінің негізі ретінде:

- мәдени іс-әрекет ретіндегі әлеуметтік институттар арқылы трансляциялау (отбасы, білім-беру мекемелері, еңбек ұжымдары т.б.) интерактивті

қарым-қатынас, адамдардың бірлескен қызмет процесстеріндегі өзара ықпалы.

- индивидуалды мінез-құлық, өзін-өзін реттеудің жеке стратегиялары, яғни жеке адамның әлеуметтік қызығушылығы мен белсенділігін арттыруы.

Э. Эриксон адамдардың өмірлік циклдарындағы өмірден бастап өлімге дейінгі психоәлеуметтік кезеңдерді атап өтеді. Адамның өз-өзіне есеп беруі жоқ. Жүректе қордаланған қайғы мен өмір мағынасыздығы өлімге итереді. Осындай жағдайларға байланысты Француз жазушысы, философ А. Камю: «Өмірдің мағынасыздығы адамды өлімге не өмірге итере ме?...Мәселелердің ішінде ең бірінші мәселе осында. Өмірдің мәні – үміт. Өмірге үмір арту, қол жеткізу өмір үшін емес, өмірдің өзін жоғарлататын ұлы идея үшін» – дейді [8]. В. Франкл болса: «Өліммен тіресу – шешуші сәт. Тапқан мән бәрінен құнды қымбат» – деп тұжырымдайды [9, 43 б.]. Адамның әлеуметтенуі жолындағы жоғары құндылыққа ұмтылысы, асыл арман талабы – өмірлік феномен.

Өмірдің құндылықтық позициясы өмір мәнін түсінуге жетелейді. Өмір мәнін сыртқы бедел ретінде қабылдағысы келгендер оны өзінің тізгінсіз ырқының мағынасыздылығымен ауыстырады. Адам мен оның өмірінің мәні деп қаралатын нәрсенің арасында сырттай формальдық қатынас болмауға тиіс. Сыртқы бедел өткінші кезең ретінде ғана қажет, бірақ оны тұрақты және ақылды өлшем деп қабылдауға болмайды [10, 20 б.].

Адам дамуы жеке тұлғаның әлеуметтену үрдісі ретінде

Адам әлеуметтену барысында әлеуметтік нормаларды меңгеріп, әлеуметтік рөлдер, қоғамдық мінез дағдыларын пайдаланудың тәсілдерін үйренеді. Тұлға әлеуметтенуі тұлғаның әлеуметтік шындықты тануына негізделеді [11].

Әлеуметтену қоғамдық қарым-қатынастардың өзін-өзі дамытуын және олардың құрылымдық тұтастығын сақталуын қамтамасыз ете отыра, адамның индивидуалды стратегиясын анықтайды және оған жеке тұлға ретінде өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтену оның мазмұнына жақын түсініктерден және ұғымдардан әлдеқайда ерекшеленеді. Мысалы, «өзін-өзі дамыту» – адамға тән имманентті қасиеттердің әлеуметтік жағдайда жүзеге асуы, дамуы. «Тәрбие» – бұл қабылданған нормалар мен идеяларға сәйкес тұлғаны қалыптастырудың мақсатты үрдісі. «Әлеуметтену» – тек қарапайым үдеріс қана емес, сонымен бірге адамның қарым-қатынас ортасының барлық жиынтығымен өзара әрекеттесу нәтижесін де қамтиды.

Адамның әлеуметтенуі оның іс-әрекетінде, қарым-қатынасында және өзіндік санасында көрініс табады:

- қызмет саласында әлеуметтенудің шеңбері кеңейеді, оның мазмұны өзгереді және оның рухани-практикалық бағытын түсіну жүзеге асырылады;

- қарым-қатынас саласында әлеуметтік байланыстардың кеңеюі, өзара әрекеттер, әлеуметтік танымның тереңдеуі, тұлғаралық психологиялық қабылдау, қарым-қатынас дағдыларын дамыту жүзеге асады;

- өзін-өзі тану үрдісінде өзіндік «Мен» әлеуметтенудің белсенді субъектісі ретінде қызмет атқарады. Бұл кезеңде тұлғаның әлеуметтік жағдайды дұрыс түсінуі, әлеуметтік рөлдерді игеруі, дамудың жеке стратегияларын қалыптастыруы, өзін-өзі бағалау секілді маңызды факторлар жүзеге асады.

Әлеуметтену стратегиясы бойынша жұмыста, қарым-қатынаста өзіндік сана көрінісін дамытудың жолы ретінде жүзеге асырылуы тиіс. Яғни адами қарым-қатынас арасындағы үйлесімділікке, сенімге иек артылса рухани-практикалық бағыт өз нәтижесін жүзеге асырады. Әлеуметтену – адамның әлеуметтік тәжірибені игеру үрдісі. Яғни, қарым-қатынас және таным субъектісі ретінде қоғамының немесе әлеуметтік тобының мінез-құлық үлгілерін, заңдарын, нормаларын үйрену. Әлеуметтену барысында жеке тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі танып білу стратегиясы құрылады. Әлеуметтену тұлғаралық қарым-қатынастың, тұлға мен әлеуметтік қоғамдастық арасындағы байланыстың орнауына ықпал етеді. Сонымен қатар қоғамдық өмірде адамның танымын объективтендіреді, оның практикалық және теориялық дағдығысы мен шеберлігін арттыра түседі. Әлеуметтену – үздіксіз рухани-практикалық қозғалыс. Ол үнемі адамды әр-түрлі іс-әрекеттерге бағдарлап отырады, айналадағы жағдаймен байланысқа түсіп, нормаларды қабылдайды немесе керісінше олардан жаттанады. Осының нәтижесінде тұлға қалыптасады және жеке дара ойлау мен іс-әрекет жасау қабілетін дамытып отырады.

Әлеуметтену – бұл сыртқы әсерлердің жиынтығы ғана емес, бұл тұтас тұлғаны қалыптастыру процесі. Тұлға әлеуметтенудің алғышарты емес, оның нәтижесі. Әлеуметтену объектісі ретінде әрекет ететін адам әлеуметтік белсенділік пен қарым-қатынас формаларының субъектісі болып табылады. Әлеуметтік орта факторларын қызмет пен қарым-қатынастың жеке стратегиясымен біріктіру – әлеуметтенудің тетігі ретінде әрекет етеді. Әлеуметтенудің екі моделіне назар аудару жөн: бағыну моделіне және қызығушылық моделіне.

Бағыну моделі – қоғам тарапынан реттеу жағдайында жүзеге асырды. Яғни, ақпаратты таңдау және бақылау, жеке тұлғаның әлеуметтік рөлдердің, кәсіби, адамгершілік, психологиялық және т.б. қасиеттерінің стандартты жиынтығын әлеуметтік институттардың ұсынысымен қалыптастыру. Адам өзіне алған міндеттерді қоғам жүзеге асырады. Қызығушылық моделі – бағыну моделіне қарама-қайшы, таңдау еркіндігі басым. Адамның ұсынылған шарттар мен ережелер аясында өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Ертеректе ата-бабаларымыз ұлт болып қалыптасу үшін қажымас қайрат, жігер, дәстүр мен жөн-жоралығын білу, мәдениеті мен тәуелсіздік сезімі, адамгершілік, парызды сезіну сияқты қадау-қадау мінездерді ерекше атаған. «Әлеуметтануға арналған теориялармен таныс болған қазақ философы «қоғам-адам» байланысын анық сезгендіктен, қоғамдық ілгерілеу – тарихи төңкеріс немесе әлеуметтік реформалар нәтижесінде емес, адам дін, иманын жетілдіргенде ғана іске асады»– деген Шәкәрім әлеуметтенудің идеялық-теориялық стратегиялық жолын осылай айқындайды [12, 52 б.].

Белгілі ғалым Эриксон адамның тіршілігіндегі қиындықтарды жеңе білу, ар-ұжданын, өзін-өзі бағалай отырып, әлеуметтік жағдайға бейімделу процессіне көңіл аударады. Тіршіліктегі өмірлік дағдарыс адамның кедергілерді жеңуге әкелетін қиындықтары барлығын көрсетеді. Өмірлік қиындықтарды жеңу үшін адамға білімділік пен өмірлік тәжірибе қажет. Қазақ халқында «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады» деген философиялық тұжырым бар. Әлеуметтік ортадағы білімсіздік пен надандық қоғамдық ортаға көптеген мәселелерді туғызады. Сондықтан қазақ қоғамында кешегі Алаш қайраткерлері халықты білім мен танымға тартып, ұлт мүддесіне жанашырлықтарын көрсетті. Негізгі мақсат – надандықты жою. Абайға дейін де, Абайдан кейінде қоғамдағы ұлы мақсат – білім, ғылым болғаны белгілі. Платон «Екі нәрседе шек болмайды. Ақылдылықта шек жоқ сосын надандықта шек жоқ» – дейді. Өзін, ісін қадағалап отыратын және оны қажеттілік деп санайтын адамдар қоғамда бар. Олар өз халқының ұлттық мінезінің тазалығын зерделеп, құрметтейді. Дені сау, жұмыс қабілеті жеткілікті, қоғамдық өмірді мағыналы еткісі келетін адам елінің өркендеуіне, ұлттық рухына үлес қосуға тырысады. Қоғамда нақты орны бар, ісі тиянақты адамдар өзін-өзі сезіну, әлеуметтену процессінде тұрақтылық көрсетеді.

Қорытынды

Абай: Адамның ғылымы, білімі, хақиқатқа, растыққа құмарлық болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады», – деген екен [4, 185 б.]. Адамдардың жаңаруы әлеуметтік феноменалды дәрежеге жетуі. Ол үшін халықтың әлеуметтік тұрмысы жақсы, жүрегі таза болуы тиіс, шыншыл саналылық пен жоғары дәрежелі білім қажет дейміз. Қабілеті бар адам жетілудің үлігісін өзінен табады. Ол өзі ғана жетіліп қоймайды, қоғамды да жетілдіруге күш салады. Жетілуге талпынған адам ұзақ, қиын жолды біртіндеп өтетін биікке шығуға етектен жол бастаған адам сияқты.

Қазақ қоғамының феномендік мінез-құлық үлгісін көрсетіп кеткен Абай бастаған М. Әуезов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Б. Момышұлы т.б. атауға болады. Олар бүкіл қазақ халқына Адам, қоғам, ұлтым деген үмітпен өмір сүріп, өзіндік Рух деп аталатын мәңгілік жауһарларды танытып кетті.

Белгілі философ М.К. Мамардавшили адам мен қоғам байланысын өзінің дәрістерінде талдаған. «Әлеуметтік философия біріншіден – бұл «адам феномені», «біздің нақты өміріміз» – дейді ол [13]. Ғалым философия қазіргі таңда да сөздер мен пікірлердің шырмауынан шығып, адам мен қоғам, адамның қоғамдық және индивидуалды өмірі, оның мәні мен мақсаты, ерекшеліктері мен нормалары туралы қандай да бір жаңа идеяларға ұмтылуда деген. Осының нәтижесінде философия қазіргі заманның сын қатерінне жауап беруге негіз болардай теориялық және методологиялық құрылымдар ұсынады.

Адам және қоғам бірлігі адамның ішкі белсенділігінің жоғары дәрежесін болжайды, оның өмірлік стратегиясын қалыптастырады. Адамның

әлеуметтенуінің бастауы қайда? Оның өзінде. Адамның дамуына не түрткі болады? Ол өзі, оның биопсихоәлеуметтік табиғаты. Бұл әлеуметтенумен тығыз байланысты. Қоғамдық өмір және оның заңдылықтары, оның логикасы, мәні мен мақсаты туралы сұрақтар адамды үнемі толғандырады. Бұндай сұрақтар біздің тарихи болмысымыздың мәні мен мағынасын ашады. Белгілі бір әлеуметтік ортада адам өзінің болмысының мәнін ашып, оны жаратады, ол туралы ойды дамытып пайда болған мәселелерді тереңнен бойлайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Барулин В.С. Социально-философская антропология. Общие начало социально-философской антропологии. – М.: Онега, 1994. – 256 с.
- 2 Мид Дж. Г. Сознание, самость и общество. – Москва: Директ-Медиа, 2007. – 34 с.
- 3 Философская антропология. Человек многомерный / ред. С.А. Лебедев – М.: Юнити-Дана, 2010. – 351 с.
- 4 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – I-том/ Жалпы ред. басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
- 5 Франкл В. Воля к смыслу = The will to meaning / Пер. с англ. – М.: Апрель Пресс; Эксмо-Пресс, 2000. – 97 с.
- 6 Борбасова К.М., Рысбекова Ш.С. Діни антропология. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 170 б.
- 7 Әлемдік философиялық мұра. 8 том. Кант және Гегель философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 520 б.
- 8 Есім Ф. Адам-зат. – Астана: Фолиант, 2002. – 312 б.
- 9 Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау. – Алматы, 2011. – 348 б.
- 10 Франкл В. Человек в поисках смысла. – М.: Прогресс, 1990. – 366 с.
- 11 Соловьев В.С. Нравственный смысл жизни в его предварительном понятии. // собр.сочин. В.С. Соловьева–СПБ: Просвещение, 1912. – 8 том. – 482 с.
- 12 Абдрасилова Г.З. Шәкәрім философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 160 б.
- 13 Мамардашвили М. Мысль под запретом. // Вопр. филос. – №5 – 1992. – С. 100-115.

Transliteration

- 1 Barulin V.S. Social'no-filosofskaya antropologiya. Obshhie nachalo social'no-filosofskoj antropologii [Socio-Philosophical Anthropology. General Beginnings of Socio-Philosophical Anthropology]. – М.: Omega, 1994. – 256 s.
- 2 Mid Dzh. G. Coznanie, samost' i obshhestvo [Consciousness, Self and Society]. – Moskva: Direkt-Media, 2007. – 34 s.
- 3 Filosofskaya antropologiya. Chelovek mnogomerny`j [Philosophical Anthropology. Man is Multidimensional]. / red. S.A. Lebedev – М.: Yuniti-Dana, 2010. – 351 s.
- 4 Abai. Şyğarmalarynyñ eкі tomdyq tolyq jinağy [Complete Two-Volume Collection of His Works]. – I-tom/ Jalpy red. basqarğan Y. Düisenbaev. – Almaty: Ğylym, 1977. – 454 b.
- 5 Frankl V. Volya k smyslu [The Will to Meaning]. / Per. s angl. – М.: Aprel' Press; E'ksmo-Press, 2000. – 97 s.
- 6 Borbasova K.M., Rysbekova Ş.S. Dini antropologia [Religious Anthropology]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 170 b.
- 7 Älemdikfilosofialyq mūra. 8 tom. Kant jäne Gegel filosofiasy [World Philosophical Heritage. 8 volumes. Philosophy of Kant and Hegel]. – Almaty: Jazuşy, 2006. – 520 b.

8 Esimǵ. Adam-zat [Human Being]. – Astana: Foliant, 2002. – 312 b.

9 Nuryseva G.J. Ömirdiñ mäni: filosofialyq-antropologialyq taldau [The Meaning of Life: a Philosophical and Anthropological Analysis]. – Almaty, 2011. – 348 b.

10 Frankl V. Chelovek v poiskakh smysla [Man in Search of Meaning]. – M.: Progress, 1990. – 366 s.

11 Solovev V.S. Nravstvenny'j smysl zhizni v ego predvaritel'nom ponyatii [The Moral Meaning of Life in its Preliminary Concept]. // sobr.sochin. V.S. Solov'eva – SPB: Prosveshhenie, 1912. – 8 tom. – 482 s.

12 Abdrasilova G.Z. Şäkärım filosofıasy [Shakarim's Philosophy]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2019. – 160 b.

13 Mamardashvili M. Mysl pod zapretom [Thought is Forbidden]. // Vopr. filos. – № – 1992. – S. 100-115.

**Серікбай Г.Ж., Иманбекова Б.И.
Человек – социальный феномен**

Аннотация. В статье раскрывается социальная сущность человека, анализируя социально-этические, антропологические представления об отношениях человека и общества. Сущность человека определяется на основе единства социального и биологического аспекта. Отношения человека и общества стали одной из главных проблем науки и философии. Эта форма отношений менялась как с эволюцией природной среды, так и с развитием человека и общества. Современная глобализация и интенсивный научно-технический прогресс придают новый характер связям человека и общества. Во все времена существовало общество, которое полностью вводило человека в жизнь, наполняя его поведение социальным содержанием. Ряд качеств, присущих человеку, является результатом усвоения человеком культурных ценностей в обществе, в котором он живет. Философское осмысление отношений между обществом и человеком, его открытие по-новому стало актуальной проблемой для прогрессивного развития общества, будущего человечества. Социализация и ее механизмы и подходы конкретизированы. Изучена роль общества и социальных отношений в формировании индивидуальной стратегии личности.

Ключевые слова: человек, общество, социальный феномен, личность, социализация.

**Serikbai G.Zh., Imanbekova B.I.
Humanas a Social Phenomenon**

Abstract. The article reveals the social essence of a person, analyzing socio-ethical, anthropological ideas about the relationship between a person and society. The essence of a person is determined on the basis of the unity of the social and biological aspects. The relationship between man and society has become one of the main problems of science and philosophy. This form of relationship has changed both with the evolution of the natural environment and with the development of man and society. Modern globalization and intensive scientific and technological progress give a new character to the relations between man and society. At all times, there has been a society that fully introduced a person into life, filling his behavior with social content. A number of qualities inherent in a person are the result of a person's assimilation of cultural values in the society in which he lives. Philosophical understanding of the relationship between society and man, its discovery in a new way has become an urgent problem for the progressive development of society, the future of mankind. Socialization and its mechanisms and approaches are specified. The role of society and social relations in the formation of an individual personality strategy is studied.

Keywords: human, society, social phenomenon, personality, socialization.